

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

исследователи называют все новые и новые имена. Это значит, что страница истории еще не закрыта, и нам предстоит еще многое узнать о массовых репрессиях. В памяти народов навсегда останется эпоха сталинизма, унесшая в массовых политических репрессиях миллионы ни в чем не повинных людей.

Список использованной литературы и данных:

1. Козыбаев И.М. «Большой террор» в Казахстане. Алматы: «Раритет», 2019. – 368 с.
2. Бисентаев Д.К. Политические репрессии в Казахстане в 20-30 годах: [Электронный ресурс]. Алматы 2015. URL: <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=902258>
3. Мозохин О.Б. «Репрессии в цифрах и документах. Деятельность органов ВЧК - ОГПУ - НКВД - МГБ (1918—1953 гг.)». - Москва: «Вече», 2018.

СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІНЕ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Қаумен Д.И.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

Садықов Т.С.

т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазіргі әлемдік даму жағдайында адамның әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастар жүйесіндегі рөлі мен орны сапалы түрде өзгеруде. ХХІ ғасырдағы әлемдік саясаттың айқын көрсетілген антропологиялық өлшемі бар екенін, адам әлемдік саяси процестердің объектісіне айналатынын ерекше атап өту маңызды. Бұл қазіргі ғылымда жаңаша көрініс табады. Мысалы: адам қауіпсіздігі, әлемдік саясаттың факторы ретінде қарастырылатын тұлға мәселесі, адами капитал әлеуеті және т.б. белгілер.

ХХІ ғасырда мемлекеттің тиімді дамуының маңызды шарты - «адами капиталдың әлеуетін» арттыру болып отыр. Бұл капитал табиғи ресурстарға қарағанда маңызды, ең құнды ресурс ретінде қарастырылады. Америкалық сарапшылар Дж.Грейсон мен К.О’Деллдің пікірінше, бұл ақпараттық қоғамдағы бәсекеге қабілеттіліктің, экономикалық өсу мен мемлекет дамуының тиімді сипатын зауыттар, құрал-жабдықтар мен өндірістік қорлар емес, адами капиталдың әлеуеті құрайды [1].

Адами капитал дегеніміз – кең мағынада қарастыратын болсақ, экономикалық дамудың, қоғам мен отбасының дамуы, оның ішінде еңбек ресурстарының білімді бөлігін, зияткерлік және басқарушылық еңбектің құралдары, өмір сүру ортасы мен еңбек қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін интенсивті өндірістік фактор ретінде көрініс табады. Мұндай дамудың өндірістік факторы адами капиталдың ұтымды жұмыс істеуі болып табылады. Адами капиталды жіктеудің көрсеткіштері төмендегідей сипатта қарастырылады:

- Жеке адами капитал;
- Мекеменің адами капиталы;
- Ұлттық адами капитал.

Ендігі ретте біздің бүгінгі қарастырып отырған тақырыбымызға жақын мәселе, ол, ұлттық адами капиталдың сипаттамасы - елдің ұлттық капиталы, ол ұлттық байлықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Оған әлеуметтік, саяси капитал, ұлттық интеллектуалдық басымдықтар, ұлттық бәсекелік артықшылықтар мен ұлттың табиғи әлеуеті кіреді [2]. Бұл көрсеткіш дамушы елдердің әрқайсысының ұлттық байлығының жартысынан астамын және әлемнің дамыған елдерінің ұлттық байлығының 70-80% астамын құрайды. Ұлттық адами капиталдың ерекшеліктері әлемдік өркениеттер мен әлем елдерінің тарихи дамуын анықтап келген.

ХХ және ХХІ ғасырлардағы ұлттық адами капитал экономика мен қоғам дамуының негізгі интенсивті факторы болды және болып қала береді. Бұл ретте басты назарды оқыған, көзі ашық, елінің қамын жейтін азаматтар, интеллигенция өкілдеріне аудару керек. Жалпы

сипаттамасына тоқталар болсақ, «интеллигенция» деп ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген адамдарды айта отырып, олардың өкілдері қоғамдық өмірдің барлық салаларында қызмет етіп, дамуын жетілдіріп, жеделдететін қозғаушы күш екені белгілі. Сонымен бірге интеллигенция қоғамның әлеуметтік – таптық құрамының бөлігі ретінде біртұтас, әрі ішкі бөліктермен тұтасып жатқан күрделі әлеуметтік топ болып табылады. Интеллигенцияның топ ретінде қалыптасуының өзіне тән екі белгісі бар. Ол мамандықты еңбек әдісі ретінде ой еңбегінің бір түріне жатқызу және топтық әлеуметтік қызметтің мәніне байланысты қарастыру еді. Сондықтан кеңестік кезеңдегі қазақ интеллигенциясының қалыптасу, қызмет жасау тарихын қарастырудың негізінде, саяси қуғын-сүргінге ұшырату арқылы жазалау іс әрекеттерінің тудырған зардаптары, олардың саны мен құрамындағы өзгерістерді зерттеп білу, қоғамның өмірінде орын алатын адами капиталдың әлеуетін танып білудің алғы шартына жатады.

Ұлттық адами капитал – тәрбиеге, білімге, мәдениетке және денсаулық сақтауға; халықтың кәсіби деңгейін, өмір деңгейі мен сапасын арттыруда; ғылымға, білімге, интеллектуалды капиталға және тағы басқа салаларға инвестиция салу арқылы қалыптасады. Мұндай анықтамаларға сәйкес, қазақ халқының ұлттық адами капиталы деп танылған қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы ұлттық ерекшеліктермен, өзіндік қадір-қасиетімен және рухани мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты екенін көруге болады.

Өткен ғасырдың ең қиын кезеңдерінің бірі – И.Сталин мен оның жақтастары жасаған тоталитаризм кезеңіндегі жаппай қуғын-сүргін, озбырлық пен заңсыздық болып табылады. Жүз мыңдаған адамдар заңсыз айыптауларға, зорлық-зомбылыққа, азаптауға ұшырап, физикалық тұрғыда жойылды. 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақстандағы интеллигенция өкілдерінің саны 13825 адам болып, олар республика халқының 0,2 пайызын құраған болатын. Оның құрамында ер адамдар саны 10143 (73,4%), ал әйелдер саны 3682 (26,6%) болған [3]. Ал, 1939 жылғы санақта республикадағы интеллигенцияның саны 354533 адамға жеткен (өсімі 5,8%). Оның ішінде ерлер 258292 (72%), ал әйелдер 96241 адам (27,1%) болды. 1959 жылы олардың қатары 772942 адамға көбейіп, өсімі 8,3% жоғарласа, оның қатарында ерлер 377599 адам, яғни 48,9% болса, ал әйелдер 395343 адам, демек 51,1% болған. Республика халқының құрамындағы интеллигенция өкілдерінің үлесі 1926 жылы 0,2 пайызды құраған болса, бұл көрсеткіш 1939 және 1959 жылдары аралығында 17,3%-дан 12,0% дейін кеміген. Көрсетілген мәліметтерден жаппай қуғын-сүргін науқаны еліміздегі ұлттық адами капитал өкілдерінің сандық және сапалық көрсеткішіне елеулі әсер еткенін байқаймыз.

1930 жылдардың басына қарай қоғамдық санаға әсер ету құрылымы жасалады. В.Лениннің, К.Маркстің, Ф.Энгельстің ойларын догмалау үрдісі аяқталып, И.Сталиннің жеке басына табыну үрдісі қалыптасты. «Барлық халықтардың ұлы көсемінің» кез келген сөзі халық пен партия үшін бұлжымас заңға айналады. Ол басқарушы органдардың БК(б)П (съездер, пленумдар, конференциялар, ОК саяси бюросы) шешімдерінің негізінде республикалық және жергілікті партия органдары тарапынан жүзеге асырылады. Партия шешімдерін тек партия мүшелері ғана орындауға тиіс делінгенмен де, елдегі барлық халық сонымен өмір сүреді. Партияның «қолшоқпары» болып табылатын газеттер мен журналдар партияның қабылдаған шешімдерін жарыса жазып, талқыланып отырды. Кей жағдайда И.Сталиннің кейбір бұйрықтары «көсемнің» атымен берілмейтін жағдайда, олар газеттерде мақала түрінде «Халық дауысы» деген айдармен жарияланды. Газеттерде жарияланған кез келген сын-пікірдің соңы репрессия түріндегі қуғын-сүргінмен аяқталады.

Бұл кезеңде жаппай қуғын-сүргін жүргізудің құқықтық базасы да жасалады. 1926 ж. РКФСР Қылмыстық кодексінде 17 контрреволюциялық қылмыстардың 12-сіне өлім жазасы қарастырылды. 1932 жылы тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті (ОАК) «Социалистік меншікті нығайту туралы» Заңды бекітеді де, заңға сәйкес колхоз егістігінен масақ жинаған 12 жастан асқан азаматтар кемінде 10 жылға бас бостандығынан айрылуға тиіс болады. Ал, бұнан кейін қабылданған «сталиндік заңдар» сериясы осы кезеңнің «заңнамалық базасы» болып табылады. 1934 жылдан бастап қылмыстық заңдарға бірқатар өзгерістер енгізіледі.

1934 жылы 8 шілдеде «Отанды сату туралы», 1934 жылы 1 желтоқсанда «Террористік актілер туралы», 1937 жылы 2-қазанда «Зиянкестік пен диверсия туралы» Заңдар жарияланды. Нәтижесінде, Кеңес үкіметіне қарсы террористік ұйымдар мен террористік актілерді тергеу істеріне 10 күннен аспайтын мерзім белгіленеді. 1937 жылы Ішкі Істер Халық Комиссариатының (ІХК) органдарына қамауға алынғандарға «физикалық әсер ету шараларын» қолдануға рұқсат беріледі. Тағайындалған жазаға шағым айтуға тыйым салынып, өлім жазасы дереу жүзеге асырылып отырады. КСРО ІХК жүйесінің құрылымына, кадрлық құрамына өзгерістер енгізіліп, Ерекше жиналыс, «Үштік», одан кейін «Екілік» деп аталатын соттан тыс органдар құрылады. Жоғарыда аталған заңдар қабылданғаннан кейін қуғын-сүргін науқаны бірден күшейіп, қарапайым соттық-процессуалдық құқықтар шектелді.

Қазақстан аумағында «республиканы КСРО-дан бөліп алуға ұмтылған ұлтшылдық, ұлттық дивизионизм, ұлтшыл ұйымдар құру туралы» айыптаулар кеңінен қолданылды. Көптеген адамдар террористік актілерді дайындау және жасау, диверсия, саботаж, экономикалық контрреволюция мақсатында мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қалыпты қызметіне қарсы тұру айыптары бойынша қуғын-сүргінге ұшырады. Мұндай қасірет бұрынғы КСРО құрамында болаған барлық халықтарды айналып өтпеді. Әсіресе, қазақ елі үшін бұл тарихи кезең аса қайғылы болды. Білімді қазақтардың, жоғарыда біз атап өткен интеллигенция өкілдерінің көпшілігі саяси репрессияның жаншуында қалды. «Алаш» партиясының «буржуазиялық ұлтшылдар» деп аталған барлық белсенділері және басқа да қазақтар арасынан шыққан белгілі қайраткерлер әртүрлі айыптармен қамауға алынды. Олардың арасында Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Санжар Асфендияров, Сұлтанбек Ходжанов және басқа да зиялылар болды. Ұлттық сипаттағы адами капиталдың жарқын өкілдерінің тағдыры осылайша әп-сәтте шешіліп, кейбірі ату жазасына кесіліп, кейбірі ит жеккенге айдалды.

«Халық жауларының» негізгі бөлігінің тағдыры жасырын түрде, КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқа мәжілістерінде, ІХК арнайы мәжілістерінде және «Үштіктер» мен «Екіліктер» деп аталатын жерлерде шешілді. Қазақстандық интеллигенция өкілдерін көбіне Жапония мен Германияның пайдасына тыңшылық жасады деп айыптады, оны тек айыпталушы мен сотталғанның істер бойынша басқа дәлелдер болмаған жағдайда өздерінің «мойындаулары» ғана растап отырды. Кеңестерге қарсы үгіт-насихат жасады деген айыптаулар да кеңінен таралды. Оған дәлел ретінде негізінен көршілер мен әріптестердің, тіпті кейбір кездері туыстарының да айыптаулары да негізге алынды.

Біздің еліміздің тарихында сталиндік кезеңдегі жаппай қуғын-сүргін ықпалы зор болды. Қазақстан аумағында лагерьлер мен қамау орындарының Бас басқармасы жүйесінің (ГУЛаг) көптеген мекемелері жұмыс жасады. Олардың қатарында АЛЖИР, Степлаг, Карлаг еңбекпен түзеу мекемелерін ерекше атап өтсек болады. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстанның лагерьлеріне КСРО-ның барлық республикаларынан 5 миллионнан астам адам әкелінді. Сталин және оның қарамағындағылар жүз мыңдаған жазықсыз адамдарды өлтіріп, миллиондаған адамдардың тағдырларын тас-талқан етті. Терроризм атмосферасындағы өтірік, қорқыныш, екіжүзділік және оппортунизм миллиондаған адамдардың рухани жағынан жұтатты. Олар адамдарды қырып қана қоймай, тірі қалғандардың жанын да өлтірді.

1921-1954 жылдар аралығында Қазақстанда 100 мың адам сотталды, олардың 25 мыңы өлім жазасына кесілді. И. Сталин қайтыс болғаннан кейін барлық саяси істер қайта қаралып, көптеген сотталушылар түрмеден босатылды, ал лагерьлерде атылған немесе қаза тапқандар қайтыс болғаннан кейін ақталды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай өзінің республика халқына арналған Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1993 жылы Қазақстанда «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданғанын еске түсіріп, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды. Қ.Тоқаев: «Біз жазықсыз құрбан болғандардың әрқайсысын еске түсіру арқылы ғана мінсіз болашаққа

жол аша аламыз. Болашақтың берік негізі тәуелсіздіктен басталады. Өткен ғасырдың ең қиын кезеңдерінің бірінде жазықсыз құрбан болғандардың рухына тағзым ету әрқайсымыздың міндетіміз», - деп атап өтті [4].

Қазақ мәдениеті мен ұлттық болмысына 1937 және 1938 жылдардағы жаппай саяси репрессияның тигізген зардабы өте ауыр болды. Бұл жылдары қазақ интеллигенциясына қарсы бұрын-соңды болмаған көлемде қызыл большевиктік шабуыл жасалды. Тарихи зерттеулерге қарағанда, осы жылдары қызыл қырғында ең көп қаза тапқандар мемлекеттік және қоғам қайраткерлері болды. Ал осы азаматтардан соң, ең көп саяси репрессияға ұшырап, қудаланғандар – ұлттық адами капиталдың, яғни ұлттық интеллигенцияның өкілдері болды.

Сталиндік террордың тигізген зардабын, оның құрбандарының нақты санын елестету өте қиын. Миллиондаған адамдар бір адамның қолынан қаза тапты деп айтуға болады. Жылдар бойына ел тұрғындарының санасы мен жаны жараланды. Адамдар 1936, 1937 және 1938 жылдары «тазарту» кезеңдерінен өтіп, «халық жауларының» шындық үшін көптеген және негізінен әділетсіз тұтқындауларын көзбен көрді және олардың көбі сталиндік репрессиялардың қаншалықты әділетсіз болғанын толық түсінбеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен деректер тізімі:

1. Грейсон Дж., О’Делл К. Американский менеджмент на пороге XXI века.- М., 1991.
2. Экономическая теория. Трансформирующая экономика. / Под ред. Николаевой И. П. — М.: Юнити, 2004.
3. Талдыбаев Ж. Қазақстандағы репрессиялық жазалау іс әрекеттеріне ұшыраған қазақ интеллигенциясының саны мен құрамындағы демографиялық мәселелер (1926-1959 жж.) https://el.kz/news/archive/repressiya-a_-shyran_-aza- intelligentsiyasyny- sany/
4. День памяти жертв политических репрессий – вспомнить каждого. https://www.inform.kz/ru/den-pamyati-zhertv-politicheskikh-repressiy-vspomnit-kazhdogo_a3656090

АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘЖБҮРЛІ КӨШІ-ҚОНЫ

Максұтова А.Ә.

тарих магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тарих және география кафедрасының аға оқытушысы

Елімізде мемлекеттік зорлық-зомбылықтың, соған сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарының осыншалықты орасан көп болуына басқа себептерден бөлек, большевиктік-сталиндәк биліктің біздің жерімізде Қазкраймкомның бірінші хатшысы Ф.Голощекин бастама жасаған, сипаты жөнінен-халыққа қарсы, салдары жөнінен аса қанқұйлы жоба «Қазақстандағы кіші қазақ» сияқты бағдарламаларды саяси эксперимент ретінде жүзеге асырғаны себеп болды. Мұндай бағдарламалардың «табысты» түрде іске асырылуы жеке халықты капитализмді аттап өтіп, феодализмнен, социализмнен коммунизмге бірден көшетіні жөніндегі ортодоксалды-маркстік догманың дұрыс екенін дәлелдеуге тиіс еді. Айта кетсек, «Алаштың» білімді басшылары сол кездің өзінде Қазақстанның бұдан өзгеше, өркениетті еуропалық даму жолын ұсынған болатын. Бүгінгі тарих «алашордалықтардың» ақиқат жолды таңдағанын айғарып отыр.

Ғылыми тұжырымның негізгі мақсаты Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санатын сандық және саяси жағынан толық ақтау жұмысын табысты түрде жүргізу үшін іс-шаралар мен мемлекеттік актілерді әзірлеу, қабылдау және іске асыру болып табылады.

Ашаршылық-саяси-әлеуметтік процестер мен табиғаттағы қолайсыз ахуалдар салдары болып табылатын әлеуметтік апат. Оның ашық және жабық түрі бар. Біріншісі-мүлдем үнемсіз қалу да, екіншісі-үнемі шала құрсақ болып жүру. Екеуі де ауруға, індетке, өлімге әкеліп соқтырады. Сонымен қатар бұл жерде жеке бір адамның немесе бір отбасының ғана ашығуы емес бүтін бір халықтың, елдің мемлекеттің басына түсетін нәубет болып табылады.